

## **Түрікменстанның Президенті Г. Бердымухамедовтің Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 8 мамырдағы № 76-ө өкімі Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы екіжақты ынтымақтастықты нығайту, Түрікменстанның Президенті Г. Бердымухамедовтің 2013 жылғы 9-11 мамыр кезеңінде Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша), қосымшаға сәйкес, өзара түсіністік қағидатының «1+14» форматы бойынша Түрікменстанның ресми делегациясы мүшелеріне жоғары деңгейде қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қабылдасын, сапарды өткізуге арналған шығыстарды 2013 жылға арналған республикалық бюджетте 001 «Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқару лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету», 003 «Республикалық деңгейдегі халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы» және 004 «Жекелеген азаматтар санатына медициналық көмек көрсету» бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Түрікменстанның ресми делегациясы мүшелерінің Астана және Ақтау қалаларының әуежайларында, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Түрікменстанның Президенті Г. Бердымухамедовтің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана және Ақтау қалаларының әуежайларына қонуын және олардан ұшып шығуын;

2) Астана және Ақтау қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапарды бұқаралық

ақпарат құралдарында жария етуді және Қазақстан Республикасы Президентінің атынан ресми қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастыруды қамтамасыз е т с і н .

6. Астана қаласының әкімдігі Түрікменстанның ресми делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын орындауды, әуежайды және көшелерді безендіруді, баратын орындарда бірге жүруді, сондай-ақ мәдени бағдарламалар ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

7. Маңғыстау облысының әкімдігі белгіленген тәртіппен:

1) Түрікменстанның ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу кезінде Ақтау қаласының әуежайында шай дастарханын ұйымдастыру және гүлмен безендіру, өзара түсіністік қағидаты бойынша көліктік қызмет көрсету, баратын орындарда бірге жүру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын орындауды, сондай-ақ кешкі қонақасын ( б е й р е с м и ) ұ й ы м д а с т ы р у д ы ;

2) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация, Қорғаныс және Төтенше жағдайлар министрліктерімен бірлесіп Түрікменстан ресми делегациясының Ақтау - Болашақ стансасы - Ақтау бағыты бойынша тікұшақпен ұшып өтуін қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында Түрікменстанның Президентін қарсы алу және шығарып салу р е с м и р ә с і м д е р і н е қ а т ы с с ы н .

9. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (келісім бойынша) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті Түрікменстанның ресми делегациясын Астана және Ақтау қалаларының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде тиісті жәрдем көрсетуді қамтамасыз е т с і н .

10. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

*С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

8

м а м ы р д а ғ ы

№

7 6 - ө

ө к і м і н е

қосымша

## **Түрікменстан ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары**

1. Түрікменстан делегациясының мүшелерін (1+14 форматы бойынша) және Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін өзара түсіністік қағидаты бойынша Астана және Ақтау қалаларындағы қонақүйлерге орналастыру.

2. Баспа өнімдерін (бейждер, сапардың бағдарламалары, автомобильдерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

3. Түрікменстанның ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу кезінде Астана қаласының әуежайында шай дастарханын және гүлмен безендіруді ұйымдастыру.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің атынан Түрікменстан Президентінің құрметіне қабылдаулар (таңғы, түскі, кешкі ас, оның ішінде бейресми) ұйымдастыру.

5. Ресми делегация басшысы мен мүшелері үшін сыйлықтар мен кәдесыйлар сатып алу.

6. Іс-шараларды өткізу орындарын гүлмен безендіру.

7. Ресми делегацияның басшысына және мүшелеріне, сондай-ақ оларға еріп жүретін адамдарға Астана қаласында өзара түсіністік қағидаты бойынша көліктік қызмет көрсету.

8. Ресми делегацияның басшысына және мүшелеріне, сондай-ақ оларға еріп жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

9. Астана және Ақтау қалаларында қонақүйлерінде екіжақты кездесу өткізу үшін залдарды жалға алу ақысын төлеуді қамтамасыз ету.

10. Түрікменстан Президентінің Ақтау - Болашақ стансасы - Ақтау бағыты бойынша тікұшақпен ұшып өтуін қамтамасыз ету.